



## Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № А-2/15 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 наурызда № 4668 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № А-4/103 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № А-4/103 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Е.М. Қаленовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Г.Сәдуақасова*

Шортанды ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "03" ақпандағы  
№ А-2/15 қаулысымен  
бекітілді

**Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округ әкімінің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтары мен шешімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 021605, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Дамса ауылы.

9. Мемлекеттік органның толық атауы: Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзиге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: тиісті аумақтарды дамытудың мүдделерімен және қажеттіліктері байланысымен атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз ету.

14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет егемендігін, конституциялық құрылысын қорғау және бекіту, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыру;

2) тиісті аумақтарды дамытудың мүдделерімен және қажеттіліктері байланысымен атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етуде ауылдық округі әкіміне жәрдем көрсету;

3) ауылдағы әлеуметтік және экономикалық үрдістерімен басқару мен мемлекеттік, әлеуметтік - экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру;

4) заңдылық пен құқық бұзушылықты нығайту, азаматтардың құқық санасының деңгейін және олардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі белсенді азаматтық айқындамасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттелер.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Заңдарын, Президент пен Үкімет актілерінің, облыс, аудан және ауыл әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің мінсіз орындалуын ұйымдастырады;

2) ауыл округі әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын әзірлейді;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерінің талдауын жүргізеді , тиісті ұсыныстар мен кепілдемелер дайындайды;

4) ауыл округі әкімі қызметінің құжаттамалық қамтамасыз етуін жүзiге асырады;

5) жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн есепке алу мен қарастырылуын қамтамасыз етедi, ауыл әкiмiмен азаматтардың жеке қабылдауын жүргізудi ұйымдастырады;

6) мемлекеттік және орыс тiлдерiн тиiстi қолдануға, iс жүргiзу ережелерiн сақтауға, мемлекеттік орган қызметiнiң стилi мен әдiстерiн жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргiзу тәртiбiн жүзеге асырады;

8) ақпараттандыру саласындағы уәкiлеттi органмен келiсу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процестерiн оңтайландыру және автоматтандыру жөнiнде шаралар қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен мiндеттерi:

1) өз құзыреттiгi шегiнде мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажеттi ақпаратты, құжаттарды және өзге материалдарды сұратуға және алуға;

2) мемлекеттік көлiк құралдарын, байланыс жүйелерi мен коммуникацияларды пайдалануға;

3) мамандарды, құқық қорғау, қаржы, салық және басқа да мемлекеттік органдардың өкiлдерiн тартуға, соның iшiнде шарт негiзiнде;

4) мемлекеттік билiк органдары қызметiнiң құрылымын жетiлдiру бойынша аудан әкiмiне ұсыныстар енгiзуге;

5) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, еңбек шартының, олармен шығарылған актiлердiң талаптарын сақтауға;

6) қызметшiлердi кәсiби дайындау және қайта дайындау және билiктiлiктерiн жетiлдiрудi қамтамасыз етуге.

### **3. Мемлекеттік органның қызметiн ұйымдастыру**

17. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкiмiнiң аппараты" мемлекеттік мекемесi басшылықты Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкiмiнiң аппараты" мемлекеттік мекемесiне жүктелген мiндеттердiң орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бiрiншi басшы жүзеге асырады.

18. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің Ережесімен белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады, өкілеттілігін тоқтатады және лауазымынан босатылады.

19. Ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік орган мамандарының міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;
- 2) заңнамаға сәйкес ауылдық округі аппаратының қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады;
- 3) мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда ауылдық округі әкімінің аппараты мүддесіне өкілдік етеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапкершілік артады;
- 5) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайдаларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Шортанды ауданы "Дамса ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК